

**ТОО «ДАСТАН» «НҮРСӘТ» БАЛАБАҚШАСЫ**



**Вариативтік компонент  
«Сиқырлы саусақтар»  
«Ботақан» орта тобы**

:

**Тәрбиеші: Перниязова А.Е.**

**Мәртөк  
2020-2021 оқу жылы**

Тәрбиеші: Пирниязова А.Е.

Педагогикалық кеңесі отырысында «Сықырлы саусақтар» вариативтік компоненті талқыланды

Хаттама № 1

« 28 » « Тамыз » 2020ж

«Нұрсәт» балабақшасының меңгерушісі :

Н.Ж.Абдикаримова

Аудандық сараптау комиссия отырысында «Сықырлы саусақтар» вариативтік компоненті мақұлданды.

Хаттама № 3

« 02 » « 09 » 2020ж.

Сараптау комиссия төрағасы



(қолы)

*Баширманбетова С.Х.*

(аты, әкесінің аты, тегі)

**Тәрбиешісі Пирниязова Алиса Ербосыновнаның ортаңғы топ балаларға арналған «Сиқырлы саусақтар» атты вариативтік бағдарламасына**

**Түсінік хат**

Тәрбие баланың дүниеге келген сәттен басталады. Мектеп жасында дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет-ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынасымен танысады. Сонымен қатар, саусақ ойындары арқылы да баланың ойлауын дамытуға болады. Саусақ ойындары баланың саусақтарының физиологиялық дамуына да әсері зор. Мысал айта кетсек, «куыр, куыр, куырмаш», «Бес саусақ» т.б. ойындар қол моторикасын дамытады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған. Ойын негізінен балаларға дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы. Саусақ ойынның мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа үйрету, баланың ой-өрісінің қалыптасуын дамыту. Ойынның түрлері өте көп, соның ішінде саусақ ойындарының да алатын орны ерекше. Бұл ойынның пайдасы - баланы санауға да үйретеді. Саусақ ойынның міндеттері: баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнымен анықталады.

Бұл ойындар оқу қызметінің әсерлігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсуіне оңай, қарапайым әрі қысқа, жас ерекшеліктеріне сәйкес алынған. Әр түрлі және қызықты. Балаларға ұсынылған бұл ойындардан балалардың үйренетін нәрселері өте көп және пайдасы да зор деуге болады. Бала ойнай отырып ойланады, үйренеді. Ойынның қызықты ұйымдастырылуы дидактикалық материалдар мен көрнектіліктерге байланысты.

«Нүрсәт» балабақшасы

Тәрбиешісі Пирниязова Алиса Ербосыновнаның ортаңғы топ балаларға арналған «Сиқырлы саусақтар» атты вариативтік бағдарламасына

Пікір

«Кел ойнайық, балақай!» вариативтік бағдарламасы бүлдіршіндерінің ақыл-ой тәрбиесінің қозғаушы қозғаушы күші саналатын бала тілін дамытып, жетілдіру негізгі мақсаты. Дамытушы ойындар мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын; өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет ойын. Ойын негізінен балаларға арналған оқу құралы.

Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Ойынның пайдасы баланың ой-өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Дамытушы ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндетті-баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнымен анықталады.

Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғаммен құбылыспен, адамдардың еңбегімен, қарым-қайынаспен танысады.

Балаларға ұсынылған бұл ойындардан балалардың үйренетін нәрселері өте көп және пайдалы да зор деуге болады.

Мәртөк аудандық білім

бөлімінің әдіскері:

М.А.Шауменова

**«Ботақан» ортанғы тобында ұйымдастырылған  
«Сиқырлы саусақтар» вариативтік бағдарламасының жоспары.**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Күз мезгілі»	Оң және сол қол саусақтарын кезекпен иіп, қағаздың жоғары – төмен бөліктеріне түзу сызықтар жүргізе білуге үйрету. Үлгі бойынша моншақты тізіп, көру қабілетін, саусақ ұшының моторикасын дамыту. Тақырыпқа сай сөздік қорын дамыту.	1
2	«Балабақшада»	Барлық саусақтарды кезектестіре қимылдату дағдыларын қалыптастыру. Әр түрлі көлемдегі түймелерді, ілгектерді, жапсырма ілгектерді сала білуге үйрету. Тегіс трафареттегі нүктелерді түртіп бастыру. Жазу жолындағы екі сызық ортасына қаламды қағаз бетінен қозғалтпай, үзіліссіз сызықтар сызып үйрену. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын молайту.	1
3	« Жемістер»	Жаттығуларды орындату арқылы саусақтарды бас бармақтан бастап жүйелі түрде бүгіп, атай білуін жетілдіру. Үлгі бойынша тапсырмалар орындауға, заттарды кеңістіктегі орналасқан орны арқылы таба білуге үйрету. Шеңберді үзік сызықтар жүргізу арқылы қосу дағдысын бекіту. Тақырыптық сөздік қорын байыту.	1
4	«Орман жидектері. Саңырауқұлақтар»	Шынашақтан бастап саусақтарды біртіндеп бүгу, тақпақпен берілген жаттығуларды орындай білуін бекіту. Қарапайым бейнелерді жоғарыдан төменге қарай бір бағытта штрихтау. Саусақтың ептілігі мен қозғалысын жаттықтыру, саусақ массаждарын орындау дағдыларын жетілдіру.	1
5	«Күз. Күз мезгілінің	Саусаққа арналған ойындарды ережесін сақтап, ойнай білуге, үлгідегі қысқа	1

	ерекшеліктері»	сызықтарды бастыру барысында қол қимылдарының жоғарыдан төменге қарай жылжуын бақылау. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, «жоғарыда», «төменде», «оң жақ», «сол жақ», «ортасында» сөздерінің қолданылу ерекшеліктерімен таныстыру.	
6	«Күзгі киімдер»	Саусақтың икемділігін дамыту, бұлшықеттердің қатайып, жетілуіне мүмкіндік жасау. Саусақтарды қимылдатып, үлкен, кіші ілгектерді түймелеу дағдысын бекіту. Берілген үлгі бойынша екі ирек сызық арасына үздіксіз сызықтар жүргізе білуге үйрету. Тігінен және көлденең сызықтардан тұратын заттардың суретін бастыру.	1
7	«Ыдыстар»	Дамып келе жатқан саусақ ұшын әрі қарай дамыту. Қол қимылы арқылы безендіре бояуын, көру, есте сақтау қабілетін, мәнерлі сөйлеу дағдысын дамыту. Ұсақ заттарды ұзақ уақыт бойы алақан уысында ұстап тұра білуге үйрету. Геометриялық пішіндерді топтастыра білуге, дұрыс атауға үйрету. Түрлі ыдыстар суретіне жоғарыдан төменге қарай бір қалыпта сызықтар жүргізе білуге дағдыландыру.	1
8	«Жиһаздар»	Таяқшалардан үлгіге қарап отырып, жиһаздар құрастыра білуге үйрету, саусақ ұшын дамыту. Саусақтарды белгіленген уақытқа дейін жаттықтыру. Қағаз бетіндегі орынды белгілеп, түзу, тік, көлбеу сызықтарды жүргізе білуге үйрету. Ой – өрісін, сөйлеу тілін дамыту.	1
9	«Құрал - саймандар»	Үлкендер еңбегіне қажетті заттармен таныстыру. Заттарды саусақпен сипап сезу арқылы ерекшеліктеріне қарай біріктіру дағдыларын бекіту. Көру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Тақырыпқа сай дайын суреттерді сұлбадан шығармай бояп, бастыруға үйрету.	1

10	«Қыс қызығы»	Үлгі бойынша түстер үйлесімділігін кезектестіре орналастырып, саусақтарды қозғалтып, мозаикадан жолдар құрастыра білуге үйрету. Сызықтар арқылы нүктеледі қосып, түрлі көлемдегі дөңгелектерді салып, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
11	«Жаңа жыл, жарылқа!»	Заттардың сапалық қасиетін қолмен ұстай отырып, сипаттай білуге үйрету. Дайын шеңбер үлгісін үзік сызықтар арқылы біріктіру дағдыларын бекіту. Шырша ойыншықтарын қажетті түсті тандап, тиянақты бояу іскерліктерін дамыту.	1
12	«Үй құстары»	Құстардың қиылған суреттерін бір – біріне сәйкестендіру арқылы саусақ моторикасын, құрастыру шеберлігін, қарапайым математикалық дағдыларын қалыптастыру. Тәрбиешінің нұсқауымен түзу, ирек сызықтар жүргізе білу. Зейінін, ақыл – ой белсенділігін арттыру.	1
13	«Үй жануарлары»	Тақпақпен берілген саусақ жаттығуларын тәртіппен орындау. Оң және сол қол саусақтарын біріктіріп, қылқаламмен айналмалы қимыл жасауды одан әрі қалыптастыру. Дайын сурет үлгілерін боята отырып, саусақтардың ептілігін дамыту. Үй жануарларының аттарын ажыратып айтуға, оларды сипаттауға үйрету арқылы сөздік қорын байыту. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту.	1
14	«Дала құстары»	Қылқаламды дұрыс ұстауды, оның қылымен ғана сызық жүргізуді үйрету. Бас бармақпен таныстыру. Қиылған суреттермен (пішіндер қиындылары)	1

		жүргізілетін тапсырмаларды орындау шеберліктерін арттыру. Дайын сурет үлгілерін ұқыпты бояу дағдыларын жетілдіру. Ұсақ заттарды саусақпен ұстап, ыдысқа сала білуге үйрету.	
15	«Аңдардың қысқы тіршілігі»	Ермексаз жағылған дайын үлгіге ұсақ заттарды орналастыру арқылы саусақ моторикасын дамыту. Қарындашты дұрыс ұстай білу машығын жетілдіру. Аңдардың қысқы тіршілігімен таныстыру, сөздік қорын молайту.	1
16	«Көліктер»	Тәрбиешінің нұсқауымен саусақты бір-біріне біріктіріп, ірі моншақтарды жіпке тізе білуге үйрету. Қолдың ұсақ қимылдарын, ой-қиялын дамыту. Түзу, ирек сызықтар жүргізу дағдыларын жетілдіру. Әртүрлі жағдайға негізделген көліктердің ерекшелігі сипатындағы түсінікті қалыптастыру.	1
17	«Сиқырлы тастар»	Қолмен ұстап, сипап сезу арқылы тегіс, қатпарлы беттерді ажырата білуге дағдыландыру. Қылқаламды саусақ ұшымен ұстап, бояу дағдысын әрі қарай жетілдіру. Дөңгелек, тура сызықтар жүргізе отырып, үлкендер көмегімен ұсақ заттардан тақырыпқа сай бейне құрастыра білуге үйрету.	1
18	"Аспан әлемі"	Қарындашты қағаздан үзбей, нүктелерді сызықтармен қосып, суретті бастырып үйрену. Ұсақ заттардан бейне құрастыру, көру, есте сақтау қабілетін, саусақ ұшы қимылын дамыту.	1
19	"Мамандықтар"	Тақпақтар жаттау арқылы тілін, саусақ бұлшықеттерін дамыту, тура және қисық сызықтар жүргізуге білуге дағдыландыру. Есте сақтау, құрастырымдылық қабілетін	1



		дамыту.Геометриялық пішіндерді топтастырып және дұрыс атауға үйрету.Тақырыпқа сай суретті безендіре бояп,мәнерлеп сөйлей білуге үйрету.	
20	"Бояулар әлемі"	Оң және сол қол саусақтарымен бас бармақтан бастап бүгіп,жаза білу іскерліктерін бекіту.Заттарды көлеміне,түсіне,өлшеміне карап,сұрыптай білуді жалғастыру.Қаламды саусақ ұшымен дұрыс ұстап,үзік сызықтар жүргізу дағдыларын аттыру.Сөйлеу тілінде дыбыстықиартикуляциялық аппараты мен байланыстыра сөйлеуін дамыту.	1
21	"Тұрмыстық техника"	Кедір бүдір қарындашты алақан арасына салып,тегістеу арқылы саусақ ұшының, қол бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру.Үзік сызықтарды бастырып,әр түрлі пішінде қиылған суреттерді бір-біріне сәйкенстендіру барысында қолдың ұсақ моторикасын,логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.Саусақтарды ереже бойынша қимылдатып, жаттықтыру.Сөздік қорын молайту.	1
22	«Көктем ерекшеліктері»	Екі қолмен бір уақытта жұмыс жасау дағдысын, саусақ моторикасын дамыту.Тігінен және көлденең сызықтардан тұратын суретін бастыруға үйрету. Сөздерді дұрыс айтуды, заттардың сапасы мен қасиеттерін сөзбен дұрыс жеткізе білуге үйрету.Сөздік қорын байыту.	1
23	«Көктемгі табиғат»	Қимыл қозғалыс әрекетін,байланыстырып сөйлеу дағдысын әрі қарай жалғастыру. Дайын үлгі бойынша түрлі бауларды үздіксіз өткізе білуге үйрету.Ирек сызықтар	1

		арасында үздіксіз сызықтар жүргізе білу іскерліктерін жетілдіру. Жыл мезгілнің ерекшелігін сипаттау арқылы байланыстырып сөйлеуін, сөздік қорын молайту.	
24	«Айналайын, Анашым!»	Қарындашпен орындалатын жаттығулар арқылы саусақ моторикасын дамыту. Қарындашты алақан арасына салып, есу арқылы саусақ қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. Негізгі түстерді ажыратып, түзу, көлденең, тік сызықтар жүргізе білуге үйрету. Мерекелік көңіл-күйлерің жеткізуге баулу.	1
25	«Наурыз Көктем-мерекесі»	Қолдың бұлшықеттерін, саусақтардың ептілігін, іскерлігін дамыту. Әр тектес заттарды ұқсастығы бойынша топтастыру, бүгін зат жасай білуді үйретуді жалғастыру. Тақырыпқа сай сөйлеу тілін кеңейту.	1
26	«Өсімдіктер – жасыл түсті керемет»	Ырғақты қимылдау іскерліктерін әрі қарай дамыту. Жазық беттегі бейнелерге ұсақ заттарды саусақтармен ұстап орналастыру арқылы ұқыптылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелеу. Ирек сызықтарды сала білу, сюжетті суреттерді түрлі - түсті қарындашпен бояу дағдыларын бекіту. Көру қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамыту. Сөйлеу белсенділігін арттыру.	1
27	«Гүлдер»	Ұсақ заттардан (шырпы, геометриялық пішін, санағыш) түрлі пішіндегі кескіндер жасай білуге үйрету. Саусақ қимыл – қозғалыстарын дамыту. Дөңгелек, түзу сызықтар жүргізіп, дайын үлгілерді безендіріп бояуға деген қызығушылықтарын арттыру. Табиғатқа деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.	1
28	«Ғажайып құстар»	Өлең жолдарымен берілген саусақ ойындары арқылы қолдың нәзік, үйлесімді қимылын дамыту. Әр өлең жолына сай	1

		саусақтарды бірізділікпен бүгіп ,кезектестіріп біріктіру шеберліктерін жетілдіру. Қағаз бетіне салынған қарапайым заттарды жоғарыдан төменге қарай штрихтау.	
29	«Менің отбасым»	Үлгіге қарап, өрнекті бастыра отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ермексазды алақан арасына салып домалақтау әдісі арқылы саусақ бұлшықеттерін жаттықтыру. Өз бетімен түзу сызықтарды үзіліссіз бастыру дағдыларын бекіту. Отбасы тақырыбында әңгімелесу арқылы ауызша сөйлеу мәнерін жетілдіру.	1
30	«Аквариум»	Тәрбиешінің нұсқауымен сусымалы материалдарды ұстай білу дағдыларын дамыту. Ирек сызықтарды үзбей бастыруды бекіту. Тақырып көлемінде әңгімелесу, сөздік қорын молайтып, байланыстырып сөйлеуін дамыту.	1
31	«Құм терапиясы»	Құммен жұмыс істеу барысында балалармен белгілі бір әңгіме құрастыру. Ой-өрісін, байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Құммен жұмыс істеу арқылы саусақ моторикасын дамыту.	1
32	"Жәндіктер"	Үлгі бойынша қарапайым заттарды құрастыра білуін,сызылған ирек жолды қаламмен бастыру дағдысын дамыту.Көру, қимыл- қозғалыс қабілетін арттыру.Тақырыпқа сай сөздік қорын молайтып,табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1
33	«Ыдыстар»	Пішіндері әр түрлі заттарды /дөңгелек, шаршы/ қолмен ұстап, сипап сезу арқылы ажырата білуге үйрету.Ермексазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.Заттарды топтастыруға, оларды атай білуге /ыдыс – аяқтар- қасық, шанышқы, кесе, пышақ/ үйрету.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.Белгіленген кеңістікке кішкене дөңгелектер сала отырып, ыдыстарды атау арқылы сөздік қорын молайту.Ермексазды	1

		алақан арасына салып, есу арқылы саусақ бұлшықеттерінің қозғалысын дамыту.	
34	«Ойыншықтар»	Заттарды шамасы бойынша анықтап, оң және сол қолын ажырата білуге үйрету. Тақырыпқа сай сөздік қорын молайту. Ойыншықтар туралы әңгіме құрастыра білуге, олардың атын атап, сипаттап айтуға үйрету. «Н» дыбысын қайталату, дұрыс айтуға жаттықтыру. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1
35	«Адамдардың көктемгі еңбегі»	Саусақ жаттығуларын орындау барысында әр түрлі сөзді анық айтып, қимылдарды реттілікпен орындау іскерліктерін жетілдіру. Бөлінген екі сызық арасынан үздіксіз сызықтар жүргізуге, дайын үлгі бойынша санағыштарды реттілікпен орналастырып, заттың бейнесін жасай білуге үйрету. Тақырыпқа байланысты әңгіме жүргізу арқылы есте сақтауын, ауызша сөйлеу тілін кеңейту.	1
36	«Балабақшада»	Барлық саусақтарды кезектестіре қимылдату дағдыларын қалыптастыру. Әр түрлі көлемдегі түймелерді, ілгектерді, жапсырма ілгектерді сала білуге үйрету. Тегіс трафареттегі нүктелерді түртіп бастыру. Жазу жолындағы екі сызық ортасына қаламды қағаз бетінен қозғалтпай, үзіліссіз сызықтар сызып үйрену. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, сөздік қорын молайту.	1

№	Тақырыптар	Уақыты
1	«Күз мезгілі»	01.09.2020
2	«Балабақшада»	08.09.2020
3	« Жемістер»	15.09.2020
4	«Орман жидектері. Саңырауқұлақтар»	22.09.2020
5	«Күз. Күз мезгілінің ерекшеліктері»	29.09.2020
6	«Күзгі киімдер»	06.10.2020
7	«Ыдыстар»	13.10.2020
8	«Жиһаздар»	20.10.2020
9	«Құрал - саймандар»	27.10.2020
10	«Қыс қызығы»	03.11.2020
11	«Жаңа жыл, жарылқа!»	10.11.2020
12	«Үй құстары»	17.11.2020
13	«Үй жануарлары»	24.11.2020
14	«Дала құстары»	01.12.2020
15	«Аңдардың қысқы тіршілігі»	08.12.2020
16	«Көліктер»	15.12.2020
17	«Сиқырлы тастар»	22.12.2020
18	"Аспан әлемі"	29.12.2020
19	"Мамандықтар"	05.01.2021
20	"Бояулар әлемі"	12.01.2021
21	"Тұрмыстық техника"	19.01.2021
22	«Көктем ерекшеліктері»	26.01.2021
23	«Көктемгі табиғат »	02.02.2021
24	«Айналайын, Анашым! »	09.02.2021
25	«Наурыз Көктем-мерекесі »	16.02.2021
26	«Өсімдіктер – жасыл түсті керемет»	23.02.2021
27	« Гүлдер»	02.03.2021
28	«Ғажайып құстар»	16.03.2021
29	«Менің отбасым»	30.03.2021
30	«Аквариум»	06.04.2021
31	«Құм терапиясы»	13.04.2021
32	"Жәндіктер"	20.04.2021
33	«Ыдыстар»	27.04.2021
34	«Ойыншықтар»	04.05.2021
35	«Адамдардың көктемгі еңбегі»	11.05.2021
36	«Балабақшада»	18.05.2021

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. . Ф.Н.Жұмабекова. «Мектепке дейінгі балаларға ойындар». Астана 2012жыл
2. Д.А.Кошанова.А.Г.Молдаханова. «Біздің балабақша» 2007жыл.
- 3.Ф.Ниязбекова. М. Сансызбайқызы. «Бес саусақ» Алматы «Шартарап» 2000жыл.
- 4.Швайко Г.С. Балабақшадағы саусақ ойындары.-М.: Валдос.2000
5. Артемова Л. Р. Мектепке дейінгі балаларға арналған қоршаған ортадан дидактикалық ойындар.М.:Просвещение,1992.